

ӨЗАРА ТҮСІНІСТІК ЖӘНЕ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ТУРАЛЫ МЕМОРАНДУМ

Алматы қ.

«19» қараша 2025 жыл

«Алматы қаласы музейлер бірлестігі» КМҚК директоры Сағындықова Ләззат Құдайбергенқызы, бұдан әрі «Тарап-1», бір тараптан, және «Әзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК Жарғы негізінде әрекет ететін директор м.а. Дүкенбаев Нұрлан Мұсағалиұлы атынан, бұдан әрі «Тарап-2» деп аталатын екінші тараптан, бұдан әрі бірлесіп «Тараптар», ал жеке «Тарап» деп аталатындар:

Тарихи-мәдени мұраны сақтау және насихаттау, ғылыми зерттеу, музей ісі саласында тәжірибе алмасу мақсатында, сондай-ақ мәдениетаралық диалогты одан әрі дамыту мақсатында төмендегілер туралы өзара түсіністік пен келісімге келді:

1. КЕЛІСІМНІҢ МӘНІ

1.1 Тараптар өз құзыреті аясында, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын сақтай отырып, осы Меморандум шеңберінде ынтымақтасатын болады.

1.2 Тараптар өз құзыреті шеңберінде мынадай салаларда ынтымақтастық жасайды:

1) Мәдениет саласындағы ынтымақтастықты дамыту және нығайтуға жәрдемдесу; іс-шараларды жоспарлау және ұйымдастыру, мәдени-ағарту шараларына қатысу және өткізу.

2) Тараптар бірлесіп айқындауы мүмкін, өзара мүдделілік туғызатын музей ісінің басқа да мәселелері бойынша ынтымақтастық жасау.

2. ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ БАҒЫТТАРЫ

Тараптар келесі бағыттар бойынша өзара әріптестік орнатуға келісті:

2.1. Ғылыми-зерттеу және мәдени-білім беру жобаларын бірлесіп әзірлеу және іске асыру;

2.2. Музей ісі, тарих, этнография, археологиялық бірлескен ғылыми зерттеулер мен жобаларды жүзеге жүргізу;

2.3. Музей қорында сақталған Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне қатысты құжаттар мен жәдігерлердің мәліметтерін алу жұмыстарын жүргізу;

2.4. Музей қорындағы құнды жәдігерлерді зерттеу бойынша бірлескен ғылыми гранттық жобаларға қатысу;

2.5. Бірлескен ғылыми және ғылыми-практикалық конференцияларға, семинарлар мен симпозиумдарға, дөңгелек үстелдер ұйымдастыру, көрмелер өткізу және қатысу;

- 2.6. Архивтік және қолжазбалық материалдармен өзара алмасу;
- 2.7. Ғылыми-зерттеу жұмыстарының басым бағыттарын айқындау бойынша кеңес беруді жүзеге асыру;
- 2.8. Тараптар өкілдерінің біліктілігін арттыру мақсатында тағылымдамаларды ұйымдастыру шеңберінде ғалымдар мен мамандармен алмасу;
- 2.9. Ғылыми ақпаратпен, құжаттамамен, қолжазбалар, әдебиет және библиографиялық басылымдармен алмасу, сондай-ақ жекелеген мәліметтер көшірмелерін жасауға мүмкіндік беру;
3. Тараптардың қолданыстағы ұлттық заңнамаларында тыйым салынбаған ынтымақтастықтың өзге де нысандарын пайдалану.

3. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

- 3.1 Тараптар қажетті ұйымдастырушылық және құқықтық жағдайларды жасай отырып, теңдік және өзара түсіністік қағидаттары негізінде ынтымақтасатын және өзара іс-қимыл жасайтын болады.
- 3.2 Осы Меморандумды табысты түрде жүзеге асыру үшін Тараптар мұнда көзделген ынтымақтастықты жүзеге асыратын болады;
- 3.3 Тараптар осы Меморандумды орындауға байланысты шығыстарды, егер әрбір нақты жағдайда Тараптар бірлесіп басқа шешімге келмесе, Қазақстан Республикасының қолданыстағы ұлттық заңнамасында көзделген қаражат шегінде өздігінен көтереді.
- 3.4 Меморандумды түсіндіруге немесе орындауға байланысты туындайтын кез келген келіспеушіліктер Тараптардың өзара келісімі бойынша консультациялар және іскерлік келіссөздер жолымен шешілетін болады.
- 3.5 Қажет болған жағдайда, ынтымақтастықты іске асыру Тараптардың уәкілетті тұлғалары қол қойған келісім жасасу арқылы жүзеге асырылады.
- 3.6 Бұл Меморандум ешқандай қаржылық және өзге де міндеттемелер жүктемейді.
- 3.7 Бұл Меморандум Тараптардың өзара жазбаша келісімі бойынша өзгертілуі немесе толықтырылуы мүмкін. Мұндай өзгерістер осы Меморандумның ажырамас бөліктері болып табылатын жеке хаттамалармен ресімделеді және оған екі тарап қол қойған күннен бастап күшіне енеді.

4. КЕЛІСІМНІҢ ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ

4.1 Меморандум оған екі тарап қол қойған күннен бастап күшіне енеді және 5 (бес) жыл бойы күшінде қалады.

4.2 Тараптардың кез келгені екінші Тарапқа жазбаша хабарлама жібере отырып, кез келген уақытта меморандумның күшін жоя алады. Күшін жою меморандумға қол қойылған және мұндай хабарламаны екінші Тарап алған күннен бастап күшіне енеді.

4.3 Екі данада қол қойылды.

Тараптардың қолдары:

**«Алматы қаласы музейлер
бірлестігі» ҚМҚК директоры**



Л.Қ. Сағындықова

M.O.

**«Әзірет Сұлтан» Ұлттық
тарихи-мәдени музей-қорығы»
РМҚК директор м.а.**



Н.М. Дүкенбаев

M.O.